

## Бағалау өлшемшарттары мен талаптары

### 1. Талаптар

#### 1. Кіріспе

Төмендегіні қоса отырып, жобаның көлемі мен күрделілігін ескере отырып, жалпы көрсетуді қосқанда жобаның қысқаша кіріспесін дайындау:

а) Тиісті сауда саласында 3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі;

б) Бірдей жолаушылар ағыны, көлемі, жұмысбастылығы бар әуежайлардағы және/немесе ірі сауда орталықтарында жобалардың болуы;

с) Сатуға арналған тауар түрлілігі (брендті және санатты тізбектей отырып) қосқанда жобаның көлемі мен күрделілігі.

#### 2. Төлем қабілеттілігі

Әлеуетті кандидат төмендегі шешімдердің біреуінің негізінде коммерциялық ұсынысты ұсынуы керек:

- Белгіленген жалдау төлемі + жалпы айлық кірістен сыйақы;

#### Талаптар:

Құжат тапсырған сәтте тиісті лицензияның болуы;

Тиісті салада расталған жұмыс тәжірибесінің болуы (халықаралық мойындау артықшылық болып табылады).

#### 3. Бизнес-жоспар

Үміткерлер әуежайдан алынған жолаушылар ағыны деректерінің негізінде есептелген жұмыстың бірінші 12 ай бизнес-жоспарын, сондай-ақ Әуежай табысымен 5 жылдық болжалды сату жоспарын ұсынуы керек.

#### 4. Дизайн/Эстетика

Үміткерлер құрылымның макетімен 3D эскиздің бастапқы\* жобасын және келесіні ескере отырып, сатудың орналасқан жерін ұсынуы керек:

а) Дизайн эстетикалық тұрғыдан да, функционалдық тұрғыдан да терминал түрімен біріктірілген болуы керек;

б) Функционалды жиһазды пайдалану;

с) Қойма элементтері жиһазға қосылған болуы керек;

д) Қазіргі уақытта бар еден төсемі сақталуы керек. Келісілген қолданбалы материал қазіргі еденнің үстіне салынуы мүмкін;

е) қазақтың ұлттық бейнелемесінің болуы.

\*Соңғы дизайн нақты орналасуын анықтағаннан кейін бекітіледі.

#### 5. Сервис

а) Дүкен тәулік бойы жұмыс істеуі қажет. Рейс кезінде дүкеннің міндетті түрде жұмыс жасауы және терминалда жолаушылардың болуы.

б) Тауарды күніне бір рет трафиктің көбейген кезіне сәйкес келмейтін белгілі бір уақытта жеткізуге рұқсат береді

с) фронт-кеңсе жұмыскерлері /сату бөлімінің қызметкерлері үшін эстетикалық бірыңғай нысанды киім;

- d) Клиенттерге жақсы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету қабілеттілігі;
- e) Үш тілде қызмет көрсететін персонал (қазақ, орыс, ағылшын).

#### **6. Сақтау**

- a) Үміткер Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келуі керек;
- b) Төлемнің ішкі жүйесі фискальды жүйемен, сондай-ақ әуежай жүйесімен біріктірілуі керек.

#### **Бағалау өлшемшарттары:**

<b>Р/с №</b>	<b>Өлшемшарттар</b>	<b>Үлес салмағы</b>
<b>1</b>	Тауардың түрлілігі	25
<b>2</b>	Дизайн/Эстетика	25
<b>3</b>	Қаржылық жағдайы	50

Әуежай бұрынғы және ағымдағы сот даулары болған кез келген қатысушыны қатысудан алып тастау құқығын өзіне қалдырады.

#### **Ұсыныстарды қабылдау мерзімі**

Үміткер немесе оның мүддесін білдіретін тұлға ұсынысты 2017 жылғы 27 қарашада сағат Астана уақытымен 12:00-ге дейін Қоғам мекенжайына (Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 119, жолаушылар терминал ғимараты, 2042 кабинет) жапсырылған хатқалтада ұсынады.

#### **Ұсыныстары бар хатқалталарды ашу күні, уақыты және орны.**

Үміткерлердің ұсыныстары бар хатқалтаны ашу бойынша сараптама комиссиясының отырысы 2017жылғы 29 қарашада сағат Астана уақытымен 14:30-да Астана қаласы, әуежай, 14-ПББ, «Штаб» әкімшілік ғимаратында өтеді.

#### **Іріктеу қорытындысын шығару күні: 2017 жылғы 15.12.**

Жеңімпаз болып іріктеу жеңімпазын анықтау өлшемшарттары бойынша барынша көп ұпай жинаған үміткерлер анықталады.

#### **Жеңімпаздарды жариялау күні: 2017 жылғы 17 желтоқсан.**